

**Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 3068 қаулысы. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 3654 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 31.10.2023 № 3654 қаулысымен (алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабына , "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 85 (сексен бес) теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде - 130 (жүз отыз) теңге.

2. "Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 09 желтоқсандағы № 16879 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7888 нөмірімен тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қаласының әкімі*

*А. Шаменов*